«Еркіндік жалпы білім беру мектебі» 2022-2023 оқу жылындағы Ерекше білімді қажет ететін оқушылардың, коррекциялық-дамытушылық жұмысының қорытындысы бойынша есебі.

Мақсаты: Ерекше білім алу қажеттіліктері мен түрлі жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық тәрбиеленушілер үшін білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету. Ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларды түзету арқылы қолдау инклюзивті және арнайы білім беру аясында медициналық, педагогикалық, психологиялық және әлеуметтік көмек көрсету арқылы жүзеге асыру

Міндеті: Ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларды түзеу арқылы қолдау үшін жағдай жасау; Ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеу және дамыту мәселелерінде балалар мен ата-аналарды психологиялық-педагогикалық қолдауды қамтамасыз ету; Ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істейтін педагогтердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру.

Коррекциялық-дамытушылық жұмысты жүргізуде, баланың танымдық белсенділігін оятып, логикалық ойлау қабілетін дамытып отырдым. Осы мақсатпен оқушыларға психодиагностикалық әдістемелер, логикалық тапсырмалар, дамытушы ойындар, қима суреттер құрастыру, мәтінмен жұмыс, суреттегі әңгімелер арқылы жұмыстар жүргізілді. Тілдік грамматикалық құрылымын арттыра отырып сөздік қорларын молайту мақсатында ойлау, есте сақтау қаблетін дамыта отырып өзін-өзі қадағалауға дағдыланып отырды. Сұрақты тыңдай білуге, сұраққа толық жауап беруге сөздерді анық таза айтуға үйрету арқылы зейінін, есте сақтау, елестету сергіту сәттерін дұрыс орындалуын қалыптастырып, ұсақ моторикасын жақсарту мақсатында жұмыстар жүргізілді. Ерекше білім беруді қажеттіліктері бар оқушылардың эмоциялық ерік аясында даму динамикасы жүргізілді.

Әр түрлі топтардан жас ерекшелігі әр түрлі ерекше білімді қажет ететін балалармен жеке жұмыстар жүргізіліп отырды. Жолдама алынып келгеннен бастап қойылған диагнозы бойынша сабақ жүргізілді. Сабақ кестесі бойынша күнделікті жеке және топтық сабақтар өткізілді. Балалармен атқарылған жұмыс өз жүйесінде жүзеге асырылды. Осы балаларға сабақ кестелері қойылып, жұмыс жоспары бойынша психологиялық жұмыстар жүргізілді

.

Әр баламен психологиялық ойындар ойнатылды.



Психологтың көмегін қажет ететін балалар анықталып, түсіндірме жұмыстар жүргізілді. Ата-аналар жиналысына қатысып психологиялық жаттығулар жасаттым.

ЕББ қажеттіліктері бар оқушылардың эмоциялық-ерік аясында даму динамикасы

№	Даму деңгейі	Өзін-өзі бағалау	Мазасыздық деңгейі	Ерікті процесстерінің дамуы	Қарым-қатынас орната алуы
1	Төмен	1			13
2	Орташа	1	1	6	
3	Жоғары	4	-		80

ЕББ қажеттіліктері бар оқушылардың эмоциялық-ерік аясында даму динамикасы



Қорытынды: Психологтың көмегін қажет ететін балалардың көрсеткіші оқу жылының басына қарағанда жақсарды. Оқу жылының соңында ПМПК қорытындысының нәижесінде тізімнен оң нәтиже көрсетіп, екі оқушы шығарылды.